

12
Алматы қ. ҚДБ ШЖК «Қалалық патологоанатомиялық бюро» КМК

Алматы қ. ҚДБ ШЖК «Қалалық патологоанатомиялық бюро» КМК
директорының бұйрығымен

БЕКІТІЛГЕН

«26» жаркын 2023 ж.

(№3 хаттама)

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КОМПЛАЕНС-ОФИЦЕР ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

1. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сактау басқармасының ШЖҚ "Қалалық патологоанатомиялық бюро" КМК (бұдан әрі мәтін бойынша–Бюро) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері туралы осы ереже "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі мәтін бойынша-зан) 16-бабының З-тармағына сәйкес өзірленді.
2. Осы ереже бюродада сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды.
3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер туралы ереже бюроның ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық қызметкерлердің назарына жеткізіледі.
4. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
 - 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер – бюрода және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заннамасын сактауын қамтамасыз ететін тұлға.
 - 2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау - сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;
 - 3) мұдделер қактығысы-жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауда және (немесе) тиісінше орындауда әкеп соғуы мүмкін;
 - 4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық-занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
 - 5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі-сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
 - 6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу-сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін өзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;
 - 7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган-Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық белімшелері.
5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің функцияларын орындаудың жауапты тұлға Байқау кеңесінің шешімімен айқындалады.
6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер өз өкілеттігін атқарушы органға, бюроның лауазымды адамдарына қарамастан жүзеге асырады, байқау кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заннамасының талаптарын сактауды қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерді әдіснамалық колдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.
8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер функциясын бюroдағы басқа құрылымдық бөлімшелердің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.
9. Егер заңда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерді ұйымдастыруға осы ережеде көзделмеген талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді Байқау кенесі (ол болған кезде), болмаған жағдайда бюро басшысы бекітеді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерінің мақсаттары, міндеттері, принциптері, функциялар мен өкілеттіктері

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер қызметінің негізгі мақсаты бюroда және оның қызметкерлерінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің міндеттері:
 - 1) бюроға және оның қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу құралдарын енгізуі қамтамасыз ету;
 - 2) бюroда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;
 - 3) бюroда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі қамтамасыз ету;
 - 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуі талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;
 - 5) заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.
3. Бюро сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:
 - 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;
 - 2) басшылықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің тиімділігіне мүдделілігі;
 - 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер қызметінің ақпараттық ашықтығы;
 - 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің тәуелсіздігі;
 - 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерді жүзеге асырудың үздіксіздігі;
 - 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерді жетілдіру;
 - 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің құзыретін үнемі арттыру.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс офицердің функциялары:
 - 1) бюроның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ішкі саясатын; Бюро қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулықты; бюroдағы мүдделер қактығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясатын; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын; бюро қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнама; корпоративтік этика және мінез-құлық мәселелерін реттейтін құжат;

- 2) бюорода сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өндөуді, корытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;
- 3) бюро қызметінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуі үйлестіреді;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және бюроның бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін бюро қызметіне сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады; бюорода анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторингті және оларды митигациялау және жою жөнінде қабылданатын шараларды жүзеге асырады;
- 5) бюорода сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;
- 6) бюро қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;
- 7) бюро қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен мінез-құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 8) бюро ұжымында жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;
- 9) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің құзыretі шеңберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың заңда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;
- 10) бюроның құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;
- 11) мұдделер қақтығысын, оның ішінде бюроның жұмысқа орналасу, сатып алу және бизнес процестерін реттеу мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 12) бюроға сыйлықтар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 13) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;
- 14) бюорода сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және/немесе оларға қатысады;
- 15) бюорода сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;
- 16) құрылымдық бөлімшелер мен Бюро қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;
- 17) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі бюроның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тындайды;
- 18) бюро басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, бюро қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныштар енгізеді;
- 19) бюро қызметінің ерекшелігіне қарай, егер мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпесе және мұдделер қақтығысын тудырмаса, комплаенс-офицер, іскерлік этика, орнықты даму мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

20) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-кимыл жасайды.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-ofiцердің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтармен не қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындастын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-ofiцер туралы ереженің негізінде әзірленетін құжаттармен айқындалады және бюроның Байқау кенесі бекітеді.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-ofiцердің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бюроның басқа құрылымдық бөлімшелеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-ofiцердің атынан жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-ofiцер қол қояды.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-ofiцер комплаенс-ofiцер саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіби үйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы кәсіби біліктілігін ұдайы арттыруы қажет.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-ofiцер өз қызметі шенберінде:

1) бюроның құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді Байқау кенесінің қарауына шығаруға бастамашылық жасайды;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) бюро басшысынан және басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеп-тексеру шенберінде жазбаша түсініктемелер беруді талап етеді;

5) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;

6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

7) бюро қызметкерлерінің бюроға сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не бюроға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

9. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-ofiцер:

1) бюро және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-ofiцер функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялышының сактайтын;

2) сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, корпоративтік әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері жөніндегі өзге де ішкі құжаттарды бұзушылықтар бойынша бюроға жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасыз етеді;

- 3) байқау кеңесін, бюро басшысын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жеткізеді;
- 5) бюроның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;
- 6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер:

- 1) олар алдыңғы үш жыл ішінде қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;
- 2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылданатын қызметке қатысуға құқылы;
- 3) құпия ақпаратты жеке мұддесі үшін пайдалануға;
- 4) іскерлік әдеп нормаларын бұзуға;
- 5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтар қабылдауға және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға құқылы;
- 6) мұдделер қақтығысна әкеп соғуы мүмкін тексерулерге, қызметтік тергеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға міндettі.

11. Бюро басшылығына:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта куруға жәрдемдесуге, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, күкірттарын іске асыруға жәрдемдесуге;
- 2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің қызметін әкімшілік (үйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыруға, оның ішінде Ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті деректер базасына қолжетімділікті) қоса алғанда, оның қызметіне қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен және өзге де тауарлармен, жұмыстармен, көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз етуге;
- 3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерге сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруге міндettі.

12. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің бюроның құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қымылы жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

13. Бюроның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицерге:

- 1) осы Ереженің 12-тармағының 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;
- 2) Анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;
- 3) туындаитын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицердің есептілігі

14. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицер бюроның қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралары бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыйбайлас

жемқорлықта қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді. Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша бюроға қабылданған сыбайлас жемқорлықта қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жіберіледі.

15. Сыбайлас жемқорлықта қарсы комплаенс-офицер байқау кеңесіне мезгілінде есеп беріп отырады. Бюро басшысы тәрапынан ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылыктар туындаған кезде сыбайлас жемқорлықта қарсы комплаенс-офицер Заның 24-бабының 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.

Номірлешіл және баулықтаған
Проумеровано и проиницировано

12 (двенадцать) наракта/сраницах

